

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 123 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті (атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405, "Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы" 2005 жылғы 14 қазандағы N 1026 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсетуге байланысты мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтар, сатып алынған ұн және оларды автомобиль және авиация көлігімен тасымалдау құнының орнын толтыру үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 25820562 (жиырма бес миллион сегіз жүз жиырма мың бес жүз алпыс екі) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі